

Дефолт фактілерін болдырмау туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 18 желтоқсандағы N 573

Шетел несиешілерінің алдындағы Қазақстан Республикасының міндеттерін орындау, сондай-ақ дефолт фактілерін болдырмау мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шетел банктерінің ұсынған шоттары негізінде мерзімі өткен және алдағы төленетін жалпы сомасы 2 939,898,94 (екі миллион тоғыз жүз отыз тоғыз мың сегіз жүз тоқсан сегіз) АҚШ долларын дәрменсіз займшылар үшін қосымшаға сәйкес, сондай-ақ 1996 жылдың бюджетінде көзделген қаражаттар шегінде есептелген айыппұлдар сомасын төлесін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі

уақытша алынған қаражатты республикалық бюджетке қайтаруды қамтамасыз ету жөнінде қажетті барлық шараны қолдансын.

3. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
1996 жылғы 18 желтоқсандағы
N 573 өкіміне
қосымша

Шетел несиелерін өтеу жөніндегі
мерзімі өткен төлемдерді
СОМАСЫ
АҚШ долларында

	Төлем	Оның ішінде			
Займшы-ұйым	сомасы				
	Негізгі борыш	проценттер	басқасы		
Герман					

несие желісі				
"Прибор-Алма. троникс" ҒТБ	195 519,29	174 943,94	20 575,35	-
Австрия несие желісі				
"Балқашмыс" ӨБ	2744 379,65	2 223 970,54	350 275,36	170 133,75
БАРЛЫҒЫ	2939 898,94	2 398 914,48	370 850,71	170 133,75